

**"Халықты жұмыспен қамтуға көмек көрсету жөніндегі қосымша шаралар туралы"
" Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 9 қаңтардағы № 3-1-65қ қаулысына
өзгеріс енгізу туралы**

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 158-336 қаулысы.
Астана қаласының Әділет департаментінде 2012 жылғы 23 сәуірде нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 722 болып енгізілді.
Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 158-158 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 01.02.2017 № 158-158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1-бабының 12-тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 тамыздағы № 972 қаулысына сәйкес Астана қаласының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Халықты жұмыспен қамтуға көмек көрсету жөніндегі қосымша шаралар туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 9 қаңтардағы № 3-1-65қ қаулысына (Нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2004 жылғы 26 қаңтарда № 308 болып тіркелген, 2004 жылғы 12 ақпандағы № 21 "Астана хабары"; 2004 жылғы 27 наурыздағы № 34 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулының 1-тармағы алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары А.Ғ. Балаеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім

И. Тасмағамбетов

